

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің №3 мәжілісі

Түркістан қаласы

25 маусым 2021 жыл

Онлайн режимде, сағат 16:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -22 адам.

Мәжілісті онлайн режимде Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, сапа бойынша басшылық өкілі Ш.Есимова жүргізіп отырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2019-2023ж.ж Стратегиялық жоспарының оқу жылы бойынша орындалуы жөнінде мәлімет;
2. Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг нәтижелері туралы;
3. Әр түрлі мәселелер:
- 3.1 Ахмет Ясауи университетінің 2020-2021 оқу жылы бойынша сапа мақсаттарының орындалуы жөнінде;

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру жөніндегі вице-президент Ш.Есимова университеттің Стратегиялық жоспары басты жоспар, басты құжат екендігін айта отырып оның орындалуының маңыздылығы университет қызметкерлерінің барлығы үшін ортақ екендігін баса айтты. 2019-2020 оқу жылы бойынша Стратегиялық даму жоспарының орындалуы жөнінде ары қарай Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев мәліметті кесте түрінде таныстыра отырып баяндады. 2019-2020 оқу жылында Стратегиялық даму жоспарының орындалу көрсеткіштері жалпы 176 индикатор бойынша 60-і орындалып, 51,1 %-ды құрады. Ал, бағыттар бойынша орындалу деңгейіне қарай, 1-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны **35 (47,3%)**, шартты орындалғаны **6 (8,1 %)**, орындалмағаны **33 (44,6 %)**; 2-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны **13 (40,7%)**, орындалмағаны **19 (59,3%)**; 3-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны **11 (61,1 %)**, шартты орындалғаны **1 (5,6%)**, орындалмағаны **6 (33,3 %)**; 4-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны **22 (42,3 %)**, шартты орындалғаны **2 (3,8 %)**, орындалмағаны **28 (53,9 %)**.

**Стратегиялық жоспардың 2020-2021 оқу жылы бойынша
жалпы орындалу көрсеткіштеріне талдау**

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	Жалпы индикатор саны	Қорытынды көрсеткіштер		
		Орындалған индикаторлар саны	Шартты орындалғандар	Орындалмаған индикаторлар саны
1-Стратегиялық бағыт.Оқыту сапасын арттыру және кәсіби білім беру				
Мақсат: Білім беру сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті мамандар дайындау				
Міндет 1.1. Білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына синхронизациялау/гармонизациял	15	10	-	5

ау				
Міндет 1.2. Оқыту сапасы мен инновациялық әлеуетті дамыту	18	12	2	4
Міндет 1.3. Білімгерлер саны мен маман сапасын арттыру	16	9	-	7
Міндет 1.4. Жоғары білікті кадр потенциалын жасақтау және дамыту	16	3	2	11
Міндет 1.5. Рухани жаңғыру. Жастар саясаты мен білімгерлер бастамасын дамыту.	9	1	2	6
Жалпы	74	35	6	33
%	100	47,3	8,1	44,6
II-Стратегиялық бағыт. Практикаға бағытталған озық зерттеулерді ұйымдастыру				
Мақсат: Зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру				
Міндет 2.1. Озық зерттеулерді ұйымдастыру	21	10	-	11
Міндет 2.2. Ғылыми-инновациялық зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру және коммерциализациялау.	11	3	-	8
Жалпы	32	13	-	19
%	100	40,7	-	59,3
III-Стратегиялық бағыт. Тиімді әріптестік және халықаралық серіктестікті дамыту				
Мақсат: Сапалы білім беру және озық зерттеулер үшін әріптестік қарым-қатынастарды дамыту				
Міндет 3.1. Қоғаммен байланыс және мекеме-ұйымдармен, Түркия университеттерімен, халықаралық қауымдастықпен тиімді әріптестік қарым-қатынастар орнату	13	8	-	5
Міндет 3.2 Аймақтық, ұлттық, халықаралық жобаларға қатысу	5	3	1	1
Жалпы	18	11	1	6
%	100	61,1	5,6	33,3
IV-Стратегиялық бағыт. Тиімді корпоративті басқару және инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту				
Мақсат: Тиімді және нәтижелі іс-әрекеттер үшін жағдай жасау				
Міндет 4.1. Тиімді корпоративтік басқару және бәсекеге қабілеттілікті арттыру	9	5	-	4
Міндет 4.2. Бас құрылыс жоспарын дайындау және университет кампусын ұлғайту,	17	4	2	11

инфрақұрылымды дамыту				
Міндет 4.3 Қаржы көздерін диверсификациялау	7	3	-	4
Міндет 4.4. Материалдық техникалық базаны модернизациялау	5	2	-	3
Міндет 4.5. Цифрлық трансформация (digital tranformation)	14	8	-	6
Жалпы	52	22	2	28
%	100	42,3	3,8	53,9
ЖалпыХҚТУ бойынша	176	81	9	86
%	100	46	5,1	48,9
Орындалуы, орындалмауы, %	100	51,1		48,9

Шешім:

Стратегиялық даму жоспарының 2020-2021 оқу жылы бойынша есебі назарға алынсын.

2. Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг нәтижелері туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша Ш.Есимова – Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі проректор хабарлама жасады. Университетімізде ip.ayu.edu.kz ақпараттық жүйесі бар және ішкі кәсіби рейтингті анықтау Ережесі (УЕ-ХҚТУ-075-2020) жасалған. Бұл ереже - оқытушы-профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер мен кафедра, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының кәсіби рейтингін анықтау шарттарын белгілейді. Ереже, индикаторлар тізімі, әрбір индикаторлар бойынша растаушы тұлғалар тізімі рейтингтік ip.ayu.edu.kz сайтында келтірілген. Мәліметтерді растаушы жауапты тұлғалар тізімі сала бойынша вице-президенттер тарапынан бекітілген. Растаушы тұлғаларға Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев тарапынан 2 сәуірде арнайы түсіндіру-талдау семинары ұйымдастырылған. Растаушыларға қатысты мәліметтер: ip.ayu.edu.kz ақпараттық базасының "Негізгі" мәліметтерді Ендіруші мен Растаушы арасында сауал-шағым туындап жатса, оқытушылар “Шағымдар” опциясына еніп, сол жерге жазбаларын қалдырып отырды.

Ереже жыл сайын жетілдіріліп келеді. Уақыт талабына байланысты өзгерістер ескеріледі, Түркиялық алдыңғы қатарлы оқу орындары қолданысқа енгізіп отырған рейтинг жүйесіндегі индикаторлар және тағы басқалары талқыланды. Биылғы оқу жылы басында да Ереже қайта талқыланып, комиссияда қаралған болатын.

Рейтингте оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері 3 бағыт бойынша ескеріледі: Ғылым, Академиялық және басқа бағыттар. Бұрынғы Ережелерде болған жалпы саны 114 индикатор ықшамдалған. Әлемдік ірі және университет имиджін арттыратын көрсеткіштерге негізделіп, былтыр 45-ке дейін, биыл 34-ке дейін ықшамдалды. Ереженің өзгерген бұл жобасы бойынша пікір-ұсыныс қабылдау туралы 2020 жылдың қазан айында көпшіліктің, ОПК-ның талқылауына берілген болатын. Сол кезеңдерде әр ОПК-қызметкерге корпоративті почта арқылы хабарландыру жазылып, бір корпоративті почталарына жіберілді. Келген ұсыныстар рейтинг комиссиясында талқыланып, Ереже жобасы №4 Сенат мәжілісіне талқылауға шығарылып, 2020ж. 18 қарашада бекітілді. Жаңа ереже көрсеткіштері бойынша ip.ayu.edu.kz ақпараттық базасына өзгерістер ендіріліп, ол 01.02.2021ж. іске қосылды. 1 ақпан күні университет

ұжымы ақпараттық базаның іске қосылғаны туралы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы тарапынан хабардар етілген болатын.

Сондай-ақ, рейтинг порталы жұмысы мен тиісті талаптар туралы оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлерге, растаушыларға қажетті хабарландырулар беріліп отырды. Ішкі рейтинг мәселерін таныстыру бағытында болғанын, арнайы рейтинг комиссиясында қаралатынын мәжіліске қатысушыларды хабардар етті

Шешім:

Барлық оқытушы профессорлар құрамына, ғылыми қызметкерлерге ip.ayu.edu.kz ақпараттық базасына мәліметтер ендіретін оқу жылының қалған соңғы мерзімін (01.06.2021ж. дейін) тиімді пайдалану қажеттілігі туралы ескертілсін және бұл жөнінде факультет декандары тарапынан кафедраларға, ОПК назарына, ал ҒЗИ директорлары тарапынан әр ғылыми қызметкердің назарына жеткізілсін;

3 Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2019-2020 оқу жылының сапа мақсаттарының орындалуы жөнінде таныстырып өтті (қосымша тіркелді). Ол кестеде ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттары стратегиялық жоспармен үндесетіндігін, Стратегиялық жоспар көрсеткіштері орындалса, сапа бойынша мақсаттардың орындалғанын білдіретінін, Стратегиялық жоспар көрсеткіштерінің орындалуы 1-мәселеде көтерілгенін айтты. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары есебінің жобасымен таныс екендігін, бекітуді қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім:

Университеттің 2020-2021 оқу жылының Сапа бойынша мақсаттарының есебі бекітуге ұсынылсын.

Комитет төрайымы



Ш.Есимова

Комитет хатшысы



Т.Көшербаев